

Қазақстан Республикасы Үкіметінің резервінен қаражат бөлу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 13 желтоқсандағы N 1225 Қаулысы
2007-2008 жылдардың күзгі-қысқы кезеңінде Қостанай облысы Жітіқара қаласының
тіршілігін қамтамасыз ету объектілерінің орнықты жұмысын қамтамасыз ету
мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қазақстан Республикасы Энергетика және минералдық ресурстар министрлігіне
2007 жылға арналған республикалық бюджетте шұғыл шығындарға көзделген
Қазақстан Республикасы Үкіметінің резервінен Жітіқара қаласында 2007-2008
жылдардың жылыту маусымын үздіксіз жүргізуді қамтамасыз ету үшін Қостанай
облысының әкіміне аудару үшін 160 000 000 (бір жүз алпыс миллион) теңге сомасында
ағымдағы нысаналы трансферттер бөлінсін.

2. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі бөлінген қаражаттың мақсатты
пайдаланылуын бақылауды қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі